Әділет

# Әкімдіктің 2012 жылғы 23 ақпандағы № 397 "2012 жылы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 2 шілдедегі № 1393 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 шілдеде № 9-1-194 тіркелді

РҚАО ескертпесі:
Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7, 20-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2012 жылы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" әкімдіктің 2012 жылғы 23 ақпандағы № 397 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-1-184 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 27 наурыздағы "Костанай" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

әкімдіктің көрсетілген қаулысымен бекітілген, 2012 жылы жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайларында:

2-реттік нөмірі, жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | "Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай жылуэнергетика- | Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін шот-хабарламаларды, наразылықтарды, ескерту қағаздарды, хабарламаларды беру, есептегіш құралдардың бақылау көрсеткіштерін жазып алу және | 25700 | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | лық компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | актілерді жасау жұмыстарды жүргізуге көмек | | ұзақтығы- аптасына қырық сағаттан аспайды. |

"

8-реттік нөмірі, жолы жаңа редакцияда жазылсын: "

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | "АБЗ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін бекітілген аумағындағы көшелерді және жалпы пайдалану жерлерін абаттандыруға көмек. | 12600 | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы- аптасына қырық сағаттан аспайды. |

"

10, 11-реттік нөмірлер келесі мазмұндағы жолдармен толықтырылсын: "

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | "Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Тазалық-2000" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін қала аумағын абаттандыруға көмек. | 31680 | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы- аптасына қырық сағаттан аспайды. |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | "Табыс" қызметтердің әмбебап кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін қала аумағын абаттандыруға көмек. | 13760 | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы- аптасына қырық сағаттан аспайды. |

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2012 жылдың 1 маусымынан бастап туындаған қатынастарға таратады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары А.Қ. Нұрғазиновқа жүктелсін.

*Қостанай қаласының әкімі Ғ. Нұрмұхамбетов*

*КЕЛІСІЛГЕН:*

*"Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекеме бастығының міндетін атқарушы*

*___________________ В. Константинов*

*"Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*___________________ Р. Айтқожинова*

*"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекеме бастығының міндетін атқарушы*

*___________________ Д. Есмағұлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК